

Бөлім	Сипаттамасы
Авторлар	Максимова Жансауле Артуровна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің сарапшы мұғалімі, NIS Орал
Тақырып	Мәтіндегі грамматикалық бірліктерді лингвостатистикалық әдіспен зерттеудің аргументтеу дағдысын дамытудағы тиімділігі неде?
Аннотация (150–250 сөз)	<p>Мақалада мәтіндегі грамматикалық тілдік бірліктерді анықтау, шартты белгілермен белгілеу, санын есептеу арқылы тақырыпқа сай сөздер мен сөз тіркестерін зерттеу мүмкіндігі қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде алынған сөздер мен сөз тіркестерін тақырыпқа орай құрастырылған проблемалық сұрақтарға жауап болатын аргумент ретінде ауызша не жазбаша формадағы жұмыстарға қолдану тиімділігі аталады. <i>Тақырыпты зерттеуге оқушылардың екі мәтіннен алынған ақпаратты жазбаша жұмыстарда бейімдеп қолдана алмауы түрткі болды.</i> Мәтіннен детальді ақпаратты анықтаудан гөрі лингвостатистикалық зерттеуді құрал ретінде қолданудың артықшылығы басым. Себебі мәтіндегі кейбір сөздер, сөз тіркестері, тіпті, тілдік оралымдар қажеттілікке сай мұғалім тарапынан өзгертіледі және тапсырма ретінде ұсынылатын грамматикалық бірліктер есептелінеді. Бұл өз кезегінде нақтылыққа жетелейді. Лингвостатистикалық зерттеу нәтижесінде анықталған сөздер мен сөз тіркестерін оқушылар аргумент ретінде қиындықсыз қолдана алады деген болжам жасалынды және зерттеу нәтижесінде гипотеза нақтыланды. Дәлірек айтқанда, зерттеу жұмысы сапалы жазылымалды жұмысты толықтай қамтамасыз етті. Қазақ тілі заңдылықтарын анықтауда математикалық әдісті қолданудың ұтымды жақтары зерттеуде қолданылды.</p> <p>Кілт сөздер : мәтін, лингвостатистикалық талдау, аргументтеу, когнитивті үдеріс</p>

<p>Актуалдылық және мәселенің негізделуі</p>	<p>Бұл зерттеуде лингвостатистикалық талдау аргументтеу дағдысын жетілдіру құралы ретінде қолданылды. Лингвостатистикалық талдаулардың бағыттарының сан түрлілігін ескерсек, филологиялық тұрғыдан терең зерттеудің оқушы жүргізетін деңгейдегі практикамызға қажеттілігінің төмендігі анық болды. Соның ішінде зерттеуге қажеттісі сөз таптарының грамматикалық белгілеулер жүйесі болды[5]. Зерттеу нысаны ретінде жазылым мәтіні алынды және бұл зерттеуге ана тілінде оқитын 10-сынып оқушылары қатысты. Қазақ тілі пәні бойынша NIS-Programme бағдарламасындағы «10.07. Әртүрлі ресурс көздерінен алынған ақпараттарды авторға сілтеме жасай отырып, жазба жұмыстарында орынды қолдану» мақсаты зерттеу жүргізуге негіз болды. Зерттеу тақырыбы бойынша мәтіндерден морфологиялық бірліктерді анықтау PISA халықаралық зерттеуінің 1-3 деңгейіне сәйкес келсе, сол ақпараттарды аргумент ретінде қолдану жоғары 5-6 деңгейлерге жауап береді. PISA бойынша жоғары деңгейдегі(бағалау, талдау) тапсырмаларға келесі сипаттаулар берілген: «Жасау жолын анықтау арқылы ақпаратты жинайды. Таныс емес мәтінді түсінеді және интерпретация жасайды. Мәтін логикасы мен тілдік ерекшелігін түсіне алады»[2]. Оқу сауаттылығы адам баласының қоғам өміріне араласу үшін жазба мәтіндерді түсініп және оған рефлексия жасай білуін, оның мазмұнын өз мақсаттарына пайдалана алуын, білімі мен мүмкіндіктерін дамытуын білдіретінін ескерсек, осы дағдыларды қалыптастыруға жауап беретін мақсатпен үздіксіз жұмыс жасау арқылы нәтижеге қол жеткізуге болатыны зерттеу барысында анық байқалды[2]. Практикада байқалғаны, лингвостатистикалық зерттеу оқушылардың ерекше қызығушылығын тудыруы[4-сурет]. Бұған анықталған әр сөздің жиілігін есептеу, оны шартты белгілермен көрсету, алдын-ала мұғалім ұсынған сан мөлшеріне сөз санын жеткізу секілді математика пәнімен байланысты тапсырмалар мен әрекеттер себеп болды деген болжам жасалды. Кейін оқушылармен сұхбат жүргізу барысында бұл болжам нақтыланды. Осы тұста қолайлы тәсіл ретінде Эдвард Ли Торндайктың қызықты нәрсе есте оңай сақталатыны жайлы қызығушылық заңының тиімділігінің жоғары болғанын баса айтқан жөн[6].</p>
<p>Мақсат және зерттеу сұрақтары</p>	<p>Зерттеудің мақсаты: Лингвостатистикалық талдау әдісін қолдану арқылы мәтіндегі грамматикалық және морфологиялық тілдік бірліктерді анықтап, олардың жиілігі негізінде тақырыптық кілт сөздерді іріктеу және сол сөздерді аргумент ретінде пайдалану арқылы оқушылардың жазылым жұмысын, аргументтеу дағдысын және оқу сауаттылығын дамыту.</p> <p>Зерттеу сұрақтары:</p>

	<p>1. Мәтіннен іріктелген сөздер мен сөз тіркестерін аргумент ретінде қолдану оқушылардың жазылым сапасына оң әсерін тигізе ме?</p> <p>2. Екі түрлі мәтіннен алынған ақпаратты бейімдеп қолдануда лингвостатистикалық тәсілдің тиімділігі қандай?</p> <p>3. Морфологиялық бірліктердің жиілігін есептеу оқушылардың интерпретация жасау дағдыларын қалай дамытады?</p> <p>4. Лингвостатистикалық талдау оқушылардың аргументтеу дағдысын қалыптастыру құралы ретінде қаншалықты нәтижелі?</p> <p>5. Математикалық элементтерді (сандық есептеу, жиілік анықтау) қолдану оқушылардың оқу сауаттылығы мен қызығушылығына қалай әсер етеді?</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>1. Оқушылар мәтіннен тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерін дәл әрі жүйелі анықтай алады.</p> <p>2. Екі немесе одан да көп мәтіннен алынған ақпаратты бейімдеп қолдану дағдысы қалыптасады.</p> <p>3. Аргументті жазылым барысында оқушылардың сөздік қоры мақсатты түрде кеңейеді және аргумент сапасы артады.</p> <p>4. Жазылымды кезең құрылымдалып, жазу процесі жеңіл әрі нәтижелі болады.</p> <p>5. Мәтінмен жұмыс істеуде сандық талдау мен тілдік талдауды кіріктіре қолдану тәжірибесі қалыптасады.</p> <p>6. Оқушылардың оқу сауаттылығының жоғары деңгей дағдылары (талдау, бағалау, интерпретация) дамиды.</p> <p>7. Лингвостатистикалық тәсіл мұғалім үшін мәтінді мақсатқа сай бейімдеудің тиімді құралы ретінде тұрақты практикаға енеді.</p>
<p>Теориялық негіз (қысқаша)</p>	<p>Ғылыми тұжырымдар жасауда сандық мәліметтер келтіру арқылы талдау жасауды «статистикалық талдау» деп атайды. Есеп-қисаптан тыс жатқан қоғамдық ғылымдардың өзінде сандық мәліметтер келтіру сол ғылыми зерттеулердің шынайылығын, нақтылығын дәйектей түсетін бірден-бір фактор болып табылады[1]. Тілтанушы ғалым Т.Р. Қордабаев қазақ тіл білімінің сандық сипатын зерттеу қажеттілігі жайлы «Тіл білімі үшін тілдік элементтердің сапалық сипаты мәнді болса, сандық сипаты да сондай мәнді» деген құнды пікір жасаған[5]. Көптеген ғалымдар тілдік бірліктерді сандық тұрғыдан бағалауға назар бөле бастады. Нақтырақ, Ф.де Соссюр, И.А. Бодуэнде Куртенэ, Б.Н. Головин, Р.М. Фрумкина, Р.Г. Пиотровский. Қазақ тіл білімінде статистикалық әдістің тарихи қалыптасуында Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, А.Қ.Жұбанов, Ж.Аралбаев, Қ.Молдабек, С.Мырзабеков, Ә.Ахабаев, Д.Молдалиева, А.Белботаев, Б.Қалыбеков т.б. тілші ғалымдардың еңбектерін ерекше атап көрсету қажет[5]. Аталмыш тілтанушы ғалымдардың тіл біліміне сапалық бағалаумен қатар, сандық есептеулерді енгізуі өлшеуі қиын тіл ғылымын мейлінше нақты ғылымға жақындатуға тырысу ниетінен пайда болған деген пікірлер айтылады. Бодуэн де Куртенэ ХІХ ғасырдағы тіл біліміне осындай баға береді [5]. Қазақ</p>

	<p>тіл білімінде статистикалық әдіспен тілді зерттеу ХХ ғасырдың басынан бері қолданылуда, дегенмен ол кезде жекелеген зерттеушілердің(Қ.Жұбанов) ізденістерінде ғана кездессе, қазір статистикалық лингвистика жеке ғылыми пән, ғылыми бағыт ретінде қалыптасты. Осыған орай статистикалық лингвистика саласы қазақ тіл білімінде өзіне тән алға қойған теориялық және практикалық мақсаты мен міндетін әлі де айқындай жетілдіре түсуде. Себебі қай ғылым саласын болмасын өзі қарастыратын мәліметтердің дәл және объективті болуын қалайды, ал лингвистика – қоғамдық ғылымдар ішіндегі осындай дәлдікті көп қажет ететін сала[5]. Соңғы жылдары бұл салада А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанның атқарып жүрген еңбектерін атап өтуге болады. Осы бағыттағы оның соңғы жұмыстарының біріне Президенттің 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласына жасаған лингвостатистикалық талдауын мысалға келтіруге болады. Зерттеу нәтижесінде «Ел» сөзінің 40 рет, «Біз» жіктеу есімдігінің 28 мәрте, ал «Халық» зат есімінің 36 рет қайталанғаны анықталды. «Ел» мен «Халық» сөздерін бір-біріне мағыналық тұрғыдан жақын сөз ретінде қарастырсақ, 76 мәрте қолданылғанын байқаймыз. Осыдан-ақ, жалпы мәтінмен таныс болмай-ақ, мақала мазмұнының қандай бағытта жазылғандығын анық көруге болады.</p>
<p>Методология</p>	<p>Зерттеу әдіснамасы іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) парадигмасына негізделіп, сапалық және сандық тәсілдерді кіріктіре қолдану арқылы жүзеге асырылды. Әдіснамалық ұстанымның өзегін лингвостатистикалық талдауды педагогикалық құрал ретінде тәжірибеге енгізу және оның оқу үдерісіне ықпалын циклдік бақылау құрады.</p> <p>Зерттеу дизайны «жоспарлау – әрекет – талдау – рефлексия» кезеңдері арқылы құрылымдалып, әр цикл нәтижесінде енгізілген өзгерістер нақтыланып отырды. Бұл тәсіл зерттеудің динамикалық және икемді сипатта жүргізілуіне мүмкіндік берді. Зерттеу нысаны ретінде 10-сынып оқушыларының жазылым әрекеті алынып, деректер мақсатты іріктеу қағидаты негізінде жиналды.</p> <p>Әдіснаманың ерекшелігі – мәтінге морфологиялық деңгейде лингвостатистикалық талдау жүргізу арқылы сапалық көрсеткіштерді сандық деректермен негіздеу. Сандық деректер (жиілік, қайталану саны, кілт сөздер) сапалық талдаумен (аргумент мазмұны, мәтін құрылымы, интерпретация деңгейі) ұштастырылды. Бұл аралас әдіс (mixed-methods) зерттеу нәтижелерінің валидтілігі мен сенімділігін арттырды.</p> <p>Деректерді жинау барысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> -жазба жұмыстар, -жиілік есептеу кестелері, -бақылау нәтижелері, -оқушылардың рефлексиясы қолданылды.

**Жүзеге асыру
(зерттеу
барысы)**

Осы мақсатта жоспарлау, оқыту, бағалау және кешенді талдау бағыттары бойынша сабақтар өткізілді. Әр сабақ негізінде қорытынды жасалып, іс-әрекеттегі зерттеу жұмысына түзетулер мен жақсартулар енгізіліп отырды. 10-сынып бағдарламасындағы «Ғылым мен техника жетістіктерінің әсері» бөліміне орай «Экологиялық қауіпсіздікке арналған технологиялар» тақырыбындағы, «Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік» бөлімі бойынша «Әлеуметтік жағдай тұлға болып қалыптасуға әсер ете ме?» тақырыбындағы сабақта оқушылар берілген шағын мәтінге лингвостатистикалық талдау жүргізді. Сыныптағы 10 жұп 10 түрлі морфологиялық бірлікті шартты белгілермен көрсетіп анықтаумен айналысты:

- 1- жұп. Сын есімдердің жиілігін анықтайды. (С)
- 2- жұп. Тұйық етістіктердің жиілігін анықтайды. (Е)
- 3- жұп. Қысқарған сөздердің жиілігін анықтайды.(4)
- 4- жұп. Терминдердің жиілігін анықтайды.(2)
- 5- жұп. Кірме сөздердің жиілігін анықтайды. (К)
- 6- жұп. Қос сөздердің жиілігін анықтайды. (Қ)
- 7- жұп. Сан есімдердің жиілігін анықтайды. (А)
- 8- жұп. Географиялық атаулардың жиілігін анықтайды(жалқы есімдер). (7)
- 9- жұп. Ұйым, орын атаулары(жалқы есімдер)(5)
- 10- жұп. Тақырыпқа қатысты зат есімнің жиілігі(3)

Нәтижесінде, тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестері іріктеліп алынды. 1-сабақта «Кен орнының зиянды әсерін технология арқылы азайтуға бола ма?», 2-сабақта «Әлеуметтік жағдай тұлға болып қалыптасуға әсер ете ме?» сұрағына іріктелген сөздерді қолдана отырып, аргументті эссе жазылды. Әдетте, мұғалім мәтіннен тақырыпқа қатысты сөздерді анықтауды талап ететін тапсырманы ұсынған кезде, оқушылар көп жағдайда тақырыпқа нақты қатысы жоқ сөздерді де тізімдеп алады. Лингвостатистикалық зерттеудің тиімділігі мұғалім мәтінді алдынала бейімдеп, тақырыпқа қатысты морфологиялық бірліктердің болуын қатаң қадағалаудан өткізеді немесе өз тарапынан тақырыпқа жауап бере алатын сөздер мен сөз тіркестерін енгізе алады. Сол себепті оқушылардың тек тақырып аясындағы сөздерді ғана анықтау мүмкіндіктері қатаң қарастырылған. Мәтіндегі сөздерді іріктеуде математикалық дәлдік пен нақтылықты осы тұстан анық байқауға болады. Оқушылар әр сөздің мәтінде қанша рет қайталанғанын есептеу арқылы да мәтінге «кілт сөз» болып тұрған сөздерді көре алады. Бағалау фокусы бойынша «Байлық пен кедейлік сипаты» тақырыбындағы сабақта Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінен кедейлік сипатын анық көрсететін үзінділер екшеліп алынды. Оқушыларға тек сын есімдер мен етістіктерді анықтау тапсырмасы ғана берілді. Себебі

	<p>оқушыларға оқылымнан кейін сипаттау мәнді мәтін құрастыру тапсырмасы ұсынылды. Жұмыстың соңында мұғалім ұсынған нұсқамен тексеріп, жұмыстарына өзіндік баға берді(2-сурет). Кестедегі сөздердің өзі сипаттау мәтінін жазуға сұранып тұрғанын байқауға болады. Іріктелген сөздерді мәтінсіз жеке-дара қарастырғанда, «кедейлік» ұғымына қатысы болмауы да мүмкін. Алайда контекстік деңгейде қарастырсақ, тақырыпты нақты ашатын сөздер мен сөз тіркестері екеніне оқушылардың осы сөздер мен сөз тіркестерін нақты анықтай алғаны арқылы бағалауға болады. Оқушылар «<i>Орел и решка</i>» телебағдарламасы идеясына сүйеніп, әлеуметтік теңсіздік анық көрініс табатын ел ретінде Үндістанның кедей аумағына саяхаттарын анықтаған сөздері мен сөз тіркестерін қолдана отырып, авторға сілтеме жасай отыра сипаттап бере алды(3-сурет). Лингвостатистикалық зерттеу нәтижесінде алынған тақырыптық кілт сөздерді қолдана отырып, қол жеткізген аргументті эссе сапасы жағынан жоғары деңгейде болды және оқушылар үшін жазу процесі аса қиындық тудырмады.</p>
<p>Нәтижелер және негізгі қорытындылар</p>	<p>Зерттеу нәтижелері келесі тәсілдердің жоғары тиімділігін көрсетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> -морфологиялық бірліктерді шартты белгілер арқылы белгілеу; -сөздердің жиілігін есептеу негізінде кілт сөздерді анықтау; -алдын-ала бейімделген мәтін қолдану; -кілт сөздерден аргумент құрастыру алгоритмін пайдалану; <p>Аталған тәсілдер жазылым процесін жеңілдетіп, аргумент сапасын арттырды.</p>
<p>Практикалық ұсыныстар</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижесі негізінде мектеп деңгейінде төмендегідей ұсыныстарды келтіруге болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Әр аргументті жазба жұмысының алдында лингвостатистикалық талдау элементтерін (жиілік анықтау, кілт сөз іріктеу) тұрақты түрде практикаға енгізу; -Мұғалімдердің тақырыпқа жауап беретін морфологиялық бірліктері бар мәтіндерді мақсатты түрде дайындауы. -Сөз таптарын немесе тілдік бірліктерді белгілеуге ортақ шартты белгілер банкіні жасау. -Іріктелген кілт сөздер негізінде аргумент құрастыру алгоритмін (кілт сөз → идея → дәлел → мысал) сабақтарға енгізу. -Қазақ тілі мен математика пәндері арасында жиілік есептеу сияқты тапсырмаларды кіріктіру.
<p>Қорытынды</p>	<p>Мәтінге лингвостатистикалық талдау жүргізу(тақырыпқа қатысты сөз таптарын анықтау, оларды шартты белгілермен белгілеу, мәтіндегі қайталану жиілігін анықтау, т.б.) сабақ кезінде оқушылардың қызығушылығын оятты. Тапсырма білім алушылардан бірқатар ойлау үдерісін талап етеді. Нақтырақ, ақпаратты іздеу, түсіну, бағалау, кері байланыс жасау секілді бірнеше когнитивті үдерістер қатар жүргенін айта кеткен жөн. Оқылымның жоғарыда аталған негізгі когнитивті үдерістері оқушылардың алған білімдерін өмірде еркін қолдана білу</p>


	<p>құзыреттіліктері мен білік-дағдыларын қалыптастыратыны сөзсіз[2]. Ал, пән мұғалімдері үшін лингвостатистикалық зерттеуді мәтіннен ақпарат теру құралы ретінде қолдану тақырыпқа сәйкес сөздің нақты болуына, нәтижесінде, сапалы аргументті эссе жазуға ықпал ететіндігімен тиімді болмақ. Бұл зерттеу жұмысының нәтижесін тіл мамандары әдетте Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес 1-компоненттің Ә бөлімінде кездесетін екі мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып, белгілі бір аудиторияға бағытталған жазылым жұмысында еркін қолдана алады. Бұл тұрғыда мәтіннен тақырыпқа қажетті сөздерді екшеп шығаруда лингвостатистикалық талдау тиімді құрал бола алады.</p>		
<p>Әдебиеттер тізімі</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. А.Қ. Жұбанов, А.Ә. Жаңабекова, Б.Д. Карбозова, А.Қ. Қожахметова. (2016). «Қазақ тілінің жиілік сөздігі». Алматы. «Қазақ тілі» баспасы. 2. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ. (2020). Нұр-Сұлтан. 3. Л.Рождественская, И.Логвина. «Формирование навыков функционального чтения», пособие для учителя. 4. https://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=4&id=162 5. Қайырбекова Ұ.С., Жахаева Г. «Қазіргі тіл біліміндегі статистикалық әдістің қалыптасуы». 6. А.Т.Айтпукешев, С.А.Бақытжанова, Л.В.Губина. (№2-36,2021). «Функционалдық сауаттылық білім берудің құндылығы ретінде: Шындыққа негізделген тәжірибе. «Оқы! Ойлан! Оз!» жобасының нәтижелері». Педагогикалық диалог. 7. Е.Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі, https://ult.kz/post/erbolat-abikenuly-pater-izdep-zhur-edik-angime 		
<p>Қосымшалар (қажет болса)</p>	<p>Сөз табы</p>	<p>Белгіленуі</p>	<p>Мысалдар</p>
	<p>Сын есім</p>	<p>С</p>	<p>Қызыл-с</p>
	<p>Сан есім</p>	<p>А</p>	<p>Алты-а</p>
	<p>Есімдік</p>	<p>М</p>	<p>Сен-м</p>
	<p>Етістік</p>	<p>Е</p>	<p>Жүру-е</p>
	<p>Үстеу</p>	<p>Ү</p>	<p>Азын-аулақ-ү</p>
	<p>Шылау</p>	<p>Ш</p>	<p>Және-ш</p>
	<p>Еліктеуіш сөздер</p>	<p>Л</p>	<p>Лап-л</p>

Одағай	О	Ай-о
Модаль сөздер	Д	Керек-д
Зат есім Есім сөздер	3	
Кісі есімдері	2	Нұржан-2
Қысқарған сөздер(зат есім)	4	ҚР-4
Мәдени ағарту және тұрмыстық орындар атаулары	5	Ғылым Академиясы-5
Географиялық атаулар	7	Алматы-7
Тарихи атаулар	8	Қазақ-8

1-кесте. Сөз таптарының грамматикалық белгілеулер жүйесі [5]

1-мәтін	2-мәтін	3-мәтін
Сығылып-Е1	Тозығы жеткен-С1	Тұнжырап-Е1
Сыйдық-Е1	Сасық-С1	Жылап отыр-Е5
Қиралаңдап-Е2	Қараңғы-С1	Жаным ашыды-Е1
Сазайын тарттыру- Е1	Қыртыс-С1	Қаңырады-Е1
Ызадан булығы-Е1	Кір-кір-С1	Дәтім шыдамады-Е1
Ішінен тыну-Е1	Тозығы жеткен-С1	
	Өртенген-С1	
	Иттің ұясындай-С1	

3-кесте. Мәтін бойынша(Е.Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік») жасалынған лингвостатистикалық талдау



1-сурет. Топқа берілген жұмыс нәтижесі



2-сурет. Оқушылар лингвостатистикалық зерттеу нәтижесінде алынған сөздерді жазылым жұмысында қолдануды ойластыруда.

"Пәтер іздеп жүр едік..."

Ерболат Әбікенұлы

1-мәтін ЕТІСТІК

Тозығы жеткен маршрутканың ішіне есіктен ытқып шығардай сығылып әрең сыйдық та, қонақтаған тауықтай бір-бір аяғымызды көтеріп тұра қалдық. Маршрутка қираландап жетім бұрышқа қарай тартып келеді. Ойым әлгі алдамшы әйелді тауып

алып, сазайын тарттыру. Тіпті болмағанда қолымда жүрген топли өкшесімен маңдайдан тарс еткізу. Ызадан булыққаным сонша, ішімнен тынып әрең келем, жол бойы келіншегім екеуіміз бір ауыз үн қатысқан жоқпыз. Массаждан шыққан адамдай қиралаңдап жеттік ақыры.

2-мәтін СЫН ЕСІМ

Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші сасық исі мұңкіген қараңғы дәліз екен. Артынан еріп келеміз. Таусылып болмайтын бұрылмасы көп дәліздің түбіне барып бір-ақ тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім. Көзім сәл үйірлескендей болды. Қыртыс есікті шалқалай ашты, үш аттап төрге жеттім, құлашымды жайып едім, саусақтарымның ұшы қабырғаға тиді. Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Үш метр үйге төрт метр төсек, әне, солай сыйып тұр. Оған кір-кір, мақтасы салбырап тозығы жеткен матрац төселіпті. Өртенген, әлде май тамғаны белгісіз, кейбір жерлері сарғыштанып кеткен. Енді байқадым, үлкен бір залды келсін-келмесін, иттің ұясындай қылып сансыз бөлмелерге бөліпті. Тақтаймен бөлсе бір сәрі. Қыртыспен қиюластыра беріпті.

3-мәтін ЕТІСТІК

Мен қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, өмірімде тап болмаған тылсым бір бақытсыз күй кешудемін. Қайнағам тұнжырап, келіншегім жылап отыр, оған жаным ашыды. Ай мен күндей жарқыраған сұлу келіншек, ешкімнің қолы жетпеген, менің ғана қолым жеткен сұлу келіншек, үріп ауызға салардай аппақ сұлу келіншек көз алдымда жылап отыр. Мен оны жылату үшін алып па едім!?

Келіншегім тамақ жасауға сыртқа беттеді. Үйдің іші үй емес, төбесі түсіп құлазыған ескі моладай қаңырады. Қайнағамның бетіне қарауға дәтім шыдамайды. Бір сылтау тауып, мен де сыртқа атылдым. Қазан-аяқ жақта әбігерленіп жатқан келіншегімнің қасына бардым. Жылап тұр екен. Ту сыртынан қапсыра құшақтай алдым, жақтыртпаған адамдай бұлқынды. Мен де жылап жіберіппін, көз жасым желкесіне тамып жатты. Келіншегім қарсылық көрсетпеді. Мұрнын пыс-пыс тартып ыдысын жуып жылап тұр.

3-суреттегі үлестірме. Е.Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінен алынған үзінділер

